

«І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ

«2024-2025 оқу жылы түлектерінің жұмыспен қамтылу көрсеткіштері: еңбек нарығы сұраныстары тұрғысынан талдау» бойынша
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

Талдықорған қ.

«27» қараша 2025 ж.

Ғылыми кеңесте «2024-2025 оқу жылы түлектерінің жұмыспен қамтылу көрсеткіштері: еңбек нарығы сұраныстары тұрғысынан талдау» туралы ақпарат тыңдалып, келесідей тұжырымдар жасалды:

Мансап және жұмысқа орналастыру орталығында түлектерді жұмысқа орналастыру жұмыстары жоспарға сәйкес ұйымдастырылып жүргізіледі.

Түлектерді жұмысқа орналастыру жұмыстары бойынша университет сайты, Instagram, Facebook әлеуметтік желілеріне ақпараттар орнастырылып, Telegram бот, WhatsApp чат арқылы түлектерге өзекті ақпараттар уақытылы жолдануда.

2024-2025 оқу жылы бітірген түлек саны – 1432. Университеттегі жалпы барлық білім беру бағдарламаларының түрлері бойынша түлектердің жұмыспен қамтылуы: бакалавриатта – 1044 түлектің 859/82%, магистратурада – 366 түлектің 341/93%, докторантурада – 22 түлек оқуларын аяқтап 20/91% жұмысқа орналастырылды. Жалпы жұмысқа орналасқандар саны: 1220/85% құрайды. Сондай-ақ, университет бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім беру бағдарламалары бойынша соңғы жылы бітіруші түлектердің саны артуда.

2024-2025 оқу жылы мемлекеттік білім беру тапсырысы, ауылдық квота негізінде 340 түлектің 313/92% (бакалавриатта – 251/227/90%, магистратурада – 69/68/99%, докторантурада – 20/18/90%) түлек жұмысқа орналастырылды.

Жалпы мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша 2024-2025 оқу жылы 340 түлек бітірген болса, ал 2025-2026 оқу жылы 532 түлек оқуларын аяқтайды. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру гранты негізінде бакалавриатта 2024-2025 оқу жылы 91 түлектің 76/84% жұмыспен қамтылды.

«2024-2025 оқу жылы түлектерінің жұмыспен қамтылу көрсеткіштері: еңбек нарығы сұраныстары тұрғысынан талдау» бойынша **Ғылыми кеңес шешімі:**

1. Жас түлектердің кәсіби дамуын қолдауды жаңарту (апгрейд) бойынша І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетін аяқтаған түлектерді қолдау мақсатында инновациялық іс-шаралар ұйымдастыру, біліктілікті артыру курстарын өткізу жұмыстары жетілдірілсін (**жауаптылар:** Мансап және жұмысқа орналастыру орталығының директоры; факультет декандары; **орындалу мерзімі:** 30.06.2026ж. дейін).

2. І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде бітіруші түлектер санының артуына байланысты түлектерді жұмыспен қамту үшін салалық ұйымдар, мекемелер,

кәсіпорындармен өзара ынтымақтастық туралы келісімдер жасалып, бірлескен іс-шаралар жүйелі түрде ұйымдастырылсын (**жауаптылар:** Мансап және жұмысқа орналастыру орталығының директоры; факультет декандары; **орындалу мерзімі:** 31.05.2026ж. дейін).

3. Смарт ЖУ деректер базасында түлектердің жұмыспен қамтылу көрсеткіші туралы ақпаратты автоматтандыру процестері жетілдірілсін (**жауаптылар:** Мансап және жұмысқа орналастыру орталығының директоры, Процестерді цифрландыру және автоматтандыру бөлімінің басшысы; **орындалу мерзімі:** 01.06.2026ж. дейін).

Ғылыми кеңес шешімдерінің орындалуын бақылау Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор Б. Таубаевқа жүктелсін.

Ғылыми кеңес төрағасы

Е. Бурибаев

Ғалым хатшы

Г. Шүкенай

